

2015 жылдың 4-ші қарашасында І-корпус, №114 аудиторияда, ДСжәнеҚМ кафедрасының аға оқытушысы Маштакова Е.К.-ның бастамасымен 2-ші курстың Арх14-3 және Арх14-4топ студенттерінің көмегімен Арх15-2,Арх15-3 және Арх15к бірінші курс студенттері арасында тақырыптық кездесу өтті.



Кездесудің мақсаты бірінші курс студенттерінің жоғарғы курс студенттерімен, «Архитектура» мамандығының студенттік өміріндегі болатын шығармашылық-оқу процесстерімен таныстырып қызықтыру. Ұйымдастырушылар өздерінің істеген жеке жұмыстарын үлгі ретінде қатысушыларға көрсетті.





Кездесу - сәулеттік үймереттер образы туындауының қызықты процесін көрсететін видеороликтерды көрсету мен оларды талқылау арқылы өтті.



ҚарМТУ-дың I корпусының 114-ші аудиториясында сағат 15:00-ден 17:00-ге дейін болған кездесу кешінде Березовская Ирина, Дьяченко Полина, Габдуллина Камила, Ерофеева Дарья, Сарбалина Анеля, Елфимова Тамара, Углова Елена, Жаксыбаева Куралай, Присяжнюк Анастасия, Марниченко Екатерина, Тен Надеждалардың белсенді қатысуымен ұйымдастырушылар ретінде: Сулейманова Перизат мен Инютина Дарья сөз сөйледі.

